

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігі

«М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КЕАҚ

«Бекітемін»

Жаратылыстану-география

факультетінің

деканы _____ А.А.Тургумбаев

«___» _____ 2023 ж.

ХИМИЯ

кафедрасының 2022-2023 оқу жылындағы

кәсіби бағдар беру жұмысының

ЕСЕБІ

Орал, 2023 жыл

Кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша кафедрада 2022-2023 оқу жылына арналып жоспарланған жұмыстар жүргізілді. 2022 жылдың 7 қарашасында экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы Ф.К.Мухамбеткалиева, дене шынықтыру кафедрасының аға оқытушысы, магистр Т.А.Базартаев және химия кафедрасының аға оқытушысы Г.И.Утепкалиева 2023 жылғы түлектерге үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу мақсатында №22 ЖОББМ барды.

2022-2023 оқу жылында ҰБТ-ге енгізілген жаңа ережелер мен құжаттарды қабылдау мерзімдерімен таныстыру, мектеп түлектерімен әңгімелесу, олардың сұрақтарына жауап беру, университет тарихы, білім беру бағдарламалары таныстырылды. мектеп түлектеріне хаттамалар толтырылып, ақпараттық түсіндірме қағаздары материалдары таратылды және сауалнама жүргізілді.

Мектеп бітіргеннен кейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне түсу ойыңызда барма деген сұраққа 3 оқушы иә, 10 оқушы ойымда бар нақты шешім қабылдамады, 3 оқушы жоқ деген жауап берді.

Жалпы 11-сыныпта 20 оқушы, оның 16 сауалнамаға қатысты. соның ішінде 4 химия биология, 1 биология география, 1 математика физика, 3 шет тілі мен дүниежүзі тарихы, 3 дүниежүзі тарихы мен құқық, 1 математика география пәндерін таңдаған.

Мектеп басшылығы мен университет арасында келісім шарт жасалды. Мектеп оқушыларының болашақ мамандықтарын таңдау бойынша қойылған сұрақтарына жауап беріліп, мектеп түлектерімен кездесу өз мақсатына жетті.



2022 жыл 10 қараша күні экономика және менеджмент кафедрасының доценті Г.Н.Сулейменова, дене шынықтыру кафедрасының аға оқытушысы, магистр Т.А. Базартаев және химия кафедрасының оқытушысы, магистр А.Ж.Шамилова 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында Ж.Молдағалиев атындағы №2 ЖОББМ барды.

Кәсіби бағдар беруде М.Өтемісов атындағы БҚУ тарихымен, университет құрылымымен, факультет және білім беру бағдарламалары таныстырылды. Сондай-ақ, студенттерге арналған жатақхана, өзін-өзі басқару ұйымдары, кітапхана қоры, академиялық ұтқырлық бағдарламасы

арқылы шет елде оқу мүмкіндіктері және үйірмелер, спорттық секциялар туралы мәліметтер берілді.

Сонымен қатар, оқушылар мен ата-аналарға 2022-2023 оқу жылында ҰБТ-ге енгізілген жаңа ережелер мен құжаттарды қабылдау мерзімдерімен таныстыру, мектеп түлектерімен әңгімелесу, олардың сұрақтарына жауап беру, мамандық таңдаудағы бейіндік пәндер туралы айтылып, ақпараттық түсіндірме қағаздары таратылды және сауалнама жүргізілді.





Мектеп бітіргеннен кейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне оқуға түсу ойыңызда бар ма деген сауалға 3 оқушы иә, 6 оқушы ойымда бар нақты шешім қабылдадым, 4 оқушы жоқ деген жауаптарын берді.

Сонымен қатар, мектеп оқушылар университетке танымдық экскурсия жасауға ниеттерін білдірді. Мектеп басшылығы мен университет арасында келісімшарт жасалды. Мектеп оқушыларының болашақ мамандықтарын таңдау бойынша қойылған сұрақтарына толықтай жауаптар беріліп, мектеп түлектерімен болған кездесу өз мақсатына жетті.

2022 жылдың 30 қарашасы күні экономика және менеджмент кафедрасының э.ғ.м., аға оқытушы А.Б. Егзалиева, химия кафедрасының магистр оқытушысы М.Ш. Хайруллина 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында №48 ЖОББМ барды. Кәсіби бағдар беруде оқушылардың тұлға ретінде қалыптасып, армандаған мамандықтарына түскісі келсе, өмірлік ұстанымдарын жүзеге асырғылары келсе, М.Өтемісов атындағы БҚУ келуге шақырылды. Сонымен қатар тамырын тереңге жайған университетіміздің кадрларды дайындауда 90 жылдық тәжірибиесі бар, жоғары білікті оқытушылар мен түлектері, бакалавриаттың 65 және магистратураның 33 білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлайтын 6 факультет пен 22 кафедрасы бар, 8 оқу ғимараты, спорт сарайы, экология және биогеохимия сынақ зертханасы, арнайы жабдықталған оқу бөлмелерінен, 1000-нан астам компьютерден тұратын қаладағы ірі компьютерлік кешені, лимитсіз интернетке қол жеткізетін локальды жүйемен біріктірілген робот техникасы зертханасы, мультимедиялық сыныптар, бай ғылыми кітапханасы, дүниежүзілік «Index herbariorum» жинағында тіркелген кепшөп қоры, бес мұражайы, 1000 орындық 3 студенттік жатақханасы, 4 типтік спорт зал, 2 ашық спорт алаңы туралы, оқу барысында сан түрлі ғылыми үйірмелерге, байқауларға, республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатыса алатындары туралы және де шетелдік серіктес оқу орындарымен, мысалы Европа, Оңтүстік-Шығыс Азия және АҚШ университеттерімен білім беру бағдарламалары бойынша академиялық ұтқырлықпен студенттер алмасуға болатыны жөнінде, жалпы М.Өтемісов

атындағы БҚУ тарихымен, университет құрылымымен, факультет және білім беру бағдарламалары таныстырылып, толық ақпарат берілді.



Мектеп бітіргеннен кейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне оқуға түсу ойыңызда бар ма деген сауалға 33 оқушы жауап берді, оның ішінде 3 оқушы иә, 10 оқушы ойымда бар нақты шешім қабылдамадым, 20 оқушы жоқ деген жауаптарын берді.

Сонымен қатар, мектеп оқушылар университетке танымдық экскурсия жасауға ниеттерін білдірді. Мектеп басшылығы мен университет арасында келісімшарт жасалды. Мектеп оқушыларының болашақ мамандықтарын таңдау бойынша қойылған сұрақтарына толықтай жауаптар беріліп, мектеп түлектерімен болған кездесу өз мақсатына жетті.

2022 жылдың 30 қарашада кәсіби бағдар алу мақсатында Бәйтерек ауданы Қасым Аманжолов атындағы ЖОББМ биология химия география пәндерін тандап отырған 10,11 сынып оқушылары келді. Факультетте және Экология және биогеохимия сынақ зертханасында экскурсия жасалып қалаған пәндері бойынша білім беру бағдарламалары таныстырылды. оқушылар өздерін қажетті сұрақтарына жауап алды.



2023 жылдың сәуір-мамыр айларында кәсіби бағдар алу мақсатында Орал қаласының осы жылғы биология химия география пәндерін таңдап отырған түлектерімен кездесіп факультеттің БББ бойынша мәліметтермен қатар материалдық-техникалық базаларымен таныстыру жүзеге асты.





Сонымен қатар алыс-жақын аудандардан және қалалық мектеп оқушыларына экология және биогеохимия сынақ зертханасында экскурсия ұйымдастырылды. Кафедра меңгерушілер мен оқытушылары оқушыларды білім беру бағдарламалары бойынша толық ақпараттар берді. Оқушылар өз сұрақтарына жауаптарын алды.

Химия кафедрасы бойынша жүргізілген кәсіби бағдар жұмыстары жоспарға сай орындалды.

**Химия кафедрасы бойынша кәсіби
бағдар беру жұмысына жауапты**

_____ Утепкалиева Г.И.